

Мазмұны

- 1 «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын педагогтерге көмек ретінде ұсынылады 2**

- 2 МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ по разъяснению Патриотического Акта «Мәңгілік Ел» в помощь педагогам, реализующим программы дополнительного образования детей 9**

**«Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ**

**қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын педагогтерге көмек
ретінде ұсынылады**

«Мәңгілік Ел» патриоттық актісі – бұл жалпыұлттық идеяның құжаттық үлгісі, қазақстандықтардың біртектілігі мен бірлігінің ерекше бағдарламасы. Ол біздің рухани құндылықтарымыздың бастапқы үлгісін жеткізуі қажет. Ол жерде экономика, саясат, ар-намыс, сенім, жахандану әлеміндегі біздің көзқарасымыз сияқты мәселелер бір жерге байланыстырылған.»
(Елбасы Н. Назарбаев)

Осы әдістемелік ұсынымдар «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінің негізгі ережелерін түсіндіру және насихаттау мақсатында қосымша білім беру педагогтеріне көмек ретінде әдірленген.

«Мәңгілік Ел» патриоттық актісі мемлекеттік тәуелсіздіктің қалыптасуы мен нығаюының, елдің прогрессивті дамуының іргесін құрайтын мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен міндеттерін анықтайтын құжат болып табылады. Зияткерлік капитал, еңбек адамы, инновациялы ойлау - жаңа Қазақстанның басты құндылықтарына айналуға. Олар Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың халыққа «Қазақстан жолы – 2050: біртұтас мақсат, біртұтас мүдде, біртұтас болшақ» атты Жолдауында аталған стратегиялық бағытпен үйлесімді болуы керек.

Жалпыұлттық келісімнің ерекше үлгісі ретінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын алға тарта отырып, Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев ұлттың біртұтас болашағын қалыптастыру бойынша негізгі бағыттарды анықтады. Ел Президентінің аталған жолдауын Қазақстан қоғамы сәйкестік және бірлік, қоғамдық келісімді қалыптастыратын құндылықтар жүйесі ретінде қабылдады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап «5 институттық реформаны жүзеге асырудың 100 нақты қадамы» аталған Ұлт Жоспарын орындаудың іс жүзіндегі кезеңі басталды, оның 85-қадамы ретінде Президент «Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісін жасауға тапсырма бергені бәрімізге белгілі.

2016 жылғы 26 сәуірде Қазақстан халықтары Ассамблеясының XXIV сессиясында Елбасы Н. Назарбаевтың төрағалығымен «Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісі қабылданды.

Н. Назарбаев 26 сәуірдегі Қазақстан халықтары Ассамблеясында «Патриоттық акті – халқымыздың бүгінгі өміріне де, болашағына да тікелей ықпал ететін маңызды құндылықтардың жиынтығы. Патриоттық акті – бұл тәуелсіздіктің негізін қалаушылардың болашақ ұрпаққа қалдыратын аманаты. Біз әр қазақстандықтың санасында осы құндылықтарды енгізу үшін жұмыс атқаруымыз керек» - деп, ерекше атап өтті.

Патриоттық акті барша қазақстандықтарды Мәңгілік Елдің мызғымас Жеті тұғырын нығайтуға, сақтауға және ұрпақтан ұрпаққа аманат етуге

шақырады, олар: Тәуелсіздік және Астана, Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім, Зайырлы Мемлекет және Жоғары Руханият, Инновация негізіндегі тұрақты Экономикалық Өсім, Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы, Тарихтың, Мәдениет пен Тілдің ортақтығы, Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Махаббат, бір мақсат, мүдде патшалық еткен қоғамда өмір сүруге талпыну – бұлардың барлығы да болған және дұрыс қажеттіліктері бар сау қоғамның ең басты факторлары болып қала бермек.

Сондықтан «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісінің басты бағыттарының бірі – отансүйгіштіктің жоғары руханилығын қалыптастыру болып табылады.

Патриоттық тәрбие беруді ұйымдастырудың негізіне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «балаларды бір жағынан өз ата-аналарының балалары, ата-бабаларының немерелері, ал екінші жағынан – өз елінің балалары ретінде тәрбиелеу және оқыту қажет» тезисі арқау болды.

Өз Отанына, жанұясына, табиғатқа деген махабат арқылы өзі туған Отанын, өз жерін мақтан тұтатын нағыз азаматты тәрбиелеуге болады.

Елбасының көрсетіп отырған міндеттерін шешуде балаларға қосымша білім беру саласына маңызды роль берілді.

Осыған байланысты, қосымша білім беру ұйымдарының басты стратегиялық тәсілдері «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісінде анықталған өскелең ұрпақты әлеуметтендіру және өзін өзі дамыту сияқты маңызды міндеттерді шешуге бағытталуы қажет.

Бұл мақсатқа жету үшін не істеу қажет?

Біріншіден, балаларға қосымша білім беру жүйесінің көп салалығын дамытуда қайта бағдарлану маңызды; желілік өзара әрекеттестікті қосымша білім беру жүйесінің ішінде, сондай-ақ өзара әрекеттесу жүйесіндегі серіктестіктердің қатысуымен – қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын бейіндерге жақын кәсіби білім, мәдениет ұйымдары, кәсіпорындар, басқа да әлеуметтік серіктестіктер арасында өзара байланысты дамыту.

Екіншіден, қосымша білім берудің мектептен тыс ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің арасындағы байланыстың жаңа формалары мен әдістері ерекше рольге ие болып отыр. Бұл жерде серіктестік қарым-қатынастың және балаларды әлеуметтендірудің жеке траекторияларын бірге қалыптастырудың оңтайлы формаларын іздеу мәселесі жатыр.

Үшіншіден, бәсекелі ортаны қалыптастыру және ұйымдарға дербестік беру жағдайында балаларға қосымша білім беру ұйымдарын басқару тәсілдерін қайта қарастыру жөн. Тұтынушы позициясынан қызметтің сапасын қамтамасыз ету жұмысына екпін тез ауысуы қажет.

Төртіншіден, оның тиімділігін анықтау мақсатында жалпы білім беретін мектептер мен мектептен тыс ұйымдарда қосымша білім беру жүйесінің жұмыс істеу мониторингін жүйелі түрде жүргізіп отыру қажет.

Балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктері, оның қызметі мен құндылықтарын талдау, бұл білім саласында адами құндылықтарды нығайту үшін, мәдени мұраларды және ұрпақтың жалғасуын қамтамасыз ететін,

сонымен қатар өз Отаны үшін жауапкершілік артуға қабілетті тұлғаны қалыптастыруға ең қолайлы орта болып табылатыны туралы шешім шығаруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, жан-жақты білімді, үйлесімді тұлғаны тәрбиелеу, Қазақстанның жаңа азаматын қалыптастыру ерекше маңызға және өзектілікке ие болып отыр. Балалар мен жастарға бағдарлануға, заманауи пәрменді ақпараттар ағымында өзін табуға, жаманнан жақсыны, жалғандықтан ақиқатты айыра білуге, нағыз мәдени және жалпы адами құндылықтарға қызығушылығын қалыптастыруға көмектесу өте маңызды.

Ұлт Көшбасшысы ұсынған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы дәл осыған бағытталған.

Қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымның құнды білім беру жағдайында өз елінің игілікті азаматтарын патриоттық сезімге баулу және оларды жайдары етіп тәрбиелеуге жағдай жасау арқылы Қазақстан халқын біріктіретін жалпыұлттық идеяларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету қажет.

Балалар қосымша білім беру жағдайында өздерінің шығармашылық қабілеттерін, қазіргі қоғамға бейімделу дағдысын дамытады және бос уақытын ұйымдастыруға толық мүмкіндік алады.

Оның балаларға білім беру мәнінің жаңа түсінігімен тікелей байланысты болғандықтан, бүгінгі күні балаларға қосымша білім беру мәселелерінің өзектілігі талассыз болып табылады.

«Мәңгілік Ел» патриоттық актісінде негізгі барлық басты құндылықтар қамтылған, біздің әкелеріміз бен бабаларымыз армандаған жалпыұлттық идея ұсынылған. Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу халықтың рухани мәдениетін сақтаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Қосымша білім беру педагогтері «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін жүзеге асыруда соңғы рөлді атқармауы қажет.

«Мәңгілік Ел» патриоттық актісі – елдің жалпы мақсатына ортақ мұраға (салт-дәстүрге, мәдениетке) мақтаныш және шексіз сыйластық сезімін тәрбиелеу бойынша жүйелі жұмысын жалғастыруға, қатысушылардың өз Отанына деген құндылықты қарым-қатынасын қалыптастыруға керемет мүмкіндік.

Балалық шақ – ой-өрісін дамыту, білім алуға ынталандыру, мектепте ғана емес, өмір бойы адамдарға, өзінің кіші отанына, елге пайдалы болуға ұмтылысын қалыптастыру үшін қолайлы кезең.

Осыған байланысты, «Мәңгілік Ел» патриоттық идеясының мағынасы мен рөлін түсіндіру кезінде тәрбиелеудің жаңа құндылықты үлгісін ескерген жөн, өйткені басқа салалардағыдай білім саласында да Қазақстан халқымен бірге елдің тағдырын жасайтын балалар мен жастарды тәрбиелеу және оқыту кезінде еліктеу үшін үлгі қажет болады.

Тұлғаның дамуға және өзін-өзі танытуға құқығын қамтамасыз ету, балалар мен жастардың әртүрлі қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін мүмкіндіктерін кеңейту, олардың уәждемелік шамасын, тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін дамыту мақсатында қоғам мен мемлекет қосымша білім беру

педагогтеріне ұйымдастыру-педагогикалық, әдістемелік, ғылыми-зерттеу шаралар жиынтығынан тұратын жаңа тәсілдерді қабылдау қажеттігін жете түсінеді.

Түбегейлі өзгерістер болып жатқан неғұрлым жаһанданған барлық қоғам, сонымен қатар қазіргі әлемде бос уақыттың ұлғайған рөлі белгілі бір қажеттіліктерге еріксіз көндіреді. Қосымша білім беру жүйесі әлеуметтік және саяси өзгерістерден шетте қала алмайды.

Мұндай жағдайларда балалар мен жасөспірімдердің бос уақыты ерекше мазмұнмен толықтырылады.

Балаларға қосымша білім беру жүйесі ашық, мобильді және икемділікке ие бола отырып, бала, оның отбасы, қоғам, мемлекет мүддесіне қарай «уақыт талабына» сай жылдам және нақты жауап қайтаруға қабілетті.

Жаңа технологиялар әлемінде балалар мен жастардың шығармашылығы түсінігінің өзгеруін ұғыну инновациялық әдістерді белсенді енгізуді, заманауи жабдықтауды қолдануды, заманауи технологиялар орталығы ретінде, қосымша білім беру ұйымдарының ресурстық орталық ретіндегі рөлін кеңейтуді талап етеді.

Қосымша білім беру педагогтері өздерінің қызметінде ұрпақтың рухани тәжірибесін түсінуге көмектесетін және адамзаттың алға қарай ілгерілеу қозғалысын қамтамасыз ететін құндылықты бағдарды қолданулары қажет. Біздің балаларымыз жалпыұлттық идеология, мәдени дәстүр бағытында тәрбиеленуі маңызды. Идеологиялық құрамдас бөлік барлық іс-шараларда болу керек.

Балаларға және жастарға қосымша білім беру ұйымдарына қатысушылардың тұлғалық патриоттық қасиетін қалыптастыруда, мәдени-тарихи және әлеуметтік саяси дәстүрлерге араластыруда, тарихи-патриоттық клубтар, үйірмелер, орталықтар, экспедициялар, ізденушілік, зерттеу қызметтерінде, әскери бөлімдермен қарым-қатынас жұмыстарын ұйымдастыру арқылы адамдарға, өз еліне пайдалы болу тілегін дамыту бойынша үлкен мүмкіндіктері және бай жұмыс тәжірибелері бар.

Қосымша білім беру педагогтеріне республикалық көрмелердің әдістемелік қорына жүгіну, кәсіби қызметтерінде көрмелік материалдарды пайдалану ұсынылады.

Өскелең ұрпақтың азаматтығын қалыптастырудың маңызды факторы болып белсенді әлеуметтену және білім алушылардың бойында әлеуметтік жауапкершілік, елдің тағдырына деген, өзінің кіші отанына деген алаңдаушылық қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Азаматтық пен отансүйгіштік ең алдымен оның туған жерімен, саналы өмірінің бөлігін өткізген отанымен байланысты болады. Туған өлке, ондағы адамдар, оның өткені мен бүгін туралы алған білімдері неғұрлым толыққанды және мазмұнды болса, соғұрлым өз халқының салт-дәстүрлерін құраметтейтін және қадірлейтін, оның материалдық және рухани мәдениетін мақтан тұтатын азаматты тәрбиелеу сияқты басты міндеттердің бірі тиімді шешімін табатын болады.

Балалар фольклорлық ұжымдарының педагогтеріне қазақ халқының ерекшеліктері мен салт-дәстүрлерін зерттеу бойынша, әншілік, бишілік, халық қолөнері сияқты тағы басқа өңірлік фольклорлық дәстүрлерді сақтау және дамыту бойынша жұмыстар жүргізуді жалғастыру ұсынылады. Сабак барысында білім алушыларға халқымыздың адамгершілік құнды бағдарларын түсіндіруге ерекше ден қою қажет, олар: әйелге, анаға деген құрмет, үлкендерге деген ізет, еңбекқорлық, әлеумет және табиғатпен үйлесімді өмір сүруге талпыну.

Театр шығармашылығы бірлестіктерінің педагогтеріне балалар театр шығармашылығының дамуының заманауи үрдістерін, театрдың интерактивті түрлерін дамытуды ескере отырып, мазмұны жоғары адамгершіліктен тұратын драматургиялық материалдарды іздеуге көп көңіл бөлгендері жөн.

Бейнелеу және сәндік-қолданбалы шығармашылығы бірлестіктерінің педагогтеріне шығармашылық мәдениетті дамыту, әсемдік сезімін тәрбиелеу бойынша жұмыстарды жалғастыру қажет.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, бейнелеу өнері, хореография, музыкамен айналысу рухани-адамгершілік ағартудың қуатты механизмі болып табылады. Бірқатар дербес байқаулар және көрмелер «Өнер арқылы –бірлікке және өзара түсіністікке» көрінісінде келесі номинациялар бойынша жалпы идеямен біріктірілген болуы мүмкін:

1) «Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар» (байқауға қатысушылар халықтың әдет-ғұрыптарын сипаттайды және көрсетеді, сондай-ақ дәстүрлері туралы баяндайды);

2) «Әндер, өлеңдер, ойындар және билер» (байқауға қатысушылар фольклорлық туындыларды орындайды, халық билерін және ойындар көрсетеді);

3) «Киім» (халық киімін немесе оның бір бөлшектерін көрсету, берілген бұйымның тарихы, таңбалары, орындау тәсілі туралы әңгімелеу);

4) «Дәстүр ордасы» сәндік-қолданбалы өнер шығармашылығы» (байқау бағдарламасындағы осы номинацияда шығармашылық жұмыстар және отбасы жәдігерлерін сақтаған авторлар қатысады (ойыншық жасау, кесте тігу, тоқыма тоқу, құрақ тігу, тоқу, өру, майда моншақпен кесте тігу, ағаш ою, күйіктас және т.б.). «Кішкентай жауһарлар» балалар және отбасылық жұмыстар көрмесін өткізу;

5) «Ұлттық тағам асханасы» (байқауға қатысушылар әзірлеген тағамды ұсынып, осы тағамға байланысты дәстүрлер туралы баяндау, ұсынылған тағамдардың рецептісін көркем әзірлеу);

6) «Отбасылық альбом» шығармашылық жобасы» (байқауға қатысушылар өз руының өкілдері туралы баяндайды. Баяндамада суреттер, бейнежазбалар, хаттар, күнделік жазбалары, баспа кітаптары, отбасы мүшелерінің шығармашылық жұмыстары және қызықты тарихы бар, үйде сақталған сирек заттарды қоса көрсетуге болады);

7) «Біз – Қазақстандықтармыз!» видеожобасы және тағы басқалары.

Балалар мен ата-аналардың арасында осы бағыттың танымал болуын

ескере отырып, өнердің тәрбиелік әлеуетін толық көлемде пайдалану қажет, себебі ол өзіндік сана-сезімінің дамуына, «ішкі жан дүниесінің» баюына тікелей әсерін шынайы сезінуге көмектеседі.

Үлкен рухани-адамгершіліктік әлеует туризмде де жатыр. Дәл осы туризм жасөспірімдер арасында өте бағаланатын мақсатқа талпынушылық және қажырлылық, батырлық және жігерлілік, өз бетімен әрекет ету және бастамашылдық сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Экскурсиялық қызметті ұйымдастыру балаларды өз халқының, өз елінің тарихына, мәдениетіне араластыруға мүмкіндік береді. Оқушылардың туристік-өлкетану экспедициялары аясында жыл сайын жаяу, шаңғымен, сумен, велосипедпен түрлі маршруттар бойынша экспедициялар мен экскурсиялар өткізген жөн.

«Туған өлкенің көрікті жерлерінен Қазақстанның киелі жерлеріне дейін», «Ұлы Дала Елі», «Қазақстан – алтын бесігім», "Сенің өміріңдегі алғашқы асу", «Алтын компас» және т.б. жергілікті табиғи және тарихи ескерткіштерден «Отанымыздың елордасы – Астана қаласына және елдің басқа да өңірлеріне» тақырыптары бойынша мектеп оқушыларының экскурсиялары мен экспедицияларын ұйымдастыруды белсендіру маңызды.

Бүгінгі таңда балаларға қосымша білім беру дегеніміз – түрлі өмірлік жағдайлардан шығу жолында әр түрлі дәстүрлі емес жолдарды таңдайтын, тұлғаға өз болашағын таңдауға мүмкіндік беретін ізденістегі білім, тұлғалық өсуіне ықпал ететін процесс болып табылады.

«Үлкен Ел – үлкен отбасы» жобасы аясында «Ұлт жоспары – 100 нақты қадамға» сәйкес тарих, археология, этнография және мәдениет саласындағы ұжымдық және жеке тақырыптық ғылыми-зерттеу және шығармашылық жобаларға қатысу арқылы мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған «Ұрпақ+» мәдени білім беру жобасы жұмысын жандандыру қарастырылады.

Техникалық шығармашылық үйірмелерінің ашылуы, бағдарламалау, робототехника, информатика және ақпараттық технологиялар, компьютерлік дизайн, медиадизайн, жобалау және ғылыми-зерттеу сияқты бағыттарын дамытуға кең қолдау көрсетілуі тиіс.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына арналған «Мен мамандықты таңдаймын...», «Халық қолөнері – бабалар мұрасы», «Отанымның айбыны», «Отаныма – 25 игілікті іс!», «Мамандықтың бәрі жақсы», «Менің колледжім – менің болашақ кәсібім», «Достық сабағы», «Ұрпаққа ұран болған Ұлы ерлік», «Патриот және азамат», «Сіздерге алғысымыз шексіз, ардагерлер!», "Отанды таны – өзіңді тәрбиеле" және т.б. мектеп оқушыларын қашықтықтан өткізілетін республикалық байқауларға қатыстыру арқылы балалар мен жасөспірімдер қозғалысының тиімділігін арттыру үшін виртуалды ресурстар базасына назар аудару ұсынылады.

Бала үшін жаңа оқу жылы өте маңызды оқиға болып табылады, сол себепті, қосымша білім беру ұйымдарындағы бірінші оқу күнінде ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығында «Мәңгілік ел» Патриоттық актісін қабылдау сияқты маңызды оқиғаларды түсіндіру ұсынылады. Осындай шараларды өткізу

үшін саясатта, ғылымда, мәдениетте, спортта, бизнесте танымал және жоғары нәтижелерге қол жеткізген жастарды және ата-аналарды шақырған жөн.

Қосымша білім беру ұйымдарында үйірме немесе секция сабақтары мемлекеттік және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген тәрбиеленуші тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, қазақ халқының тарихи дәстүрлеріне, мәдениетіне құрмет пен ұқыптылыққа бағытталған тәрбие жұмыстарының серпіні болуы тиіс.

«Мәңгілік ел» патриоттық актісін түсіндіру барысында тарихы мен өңірдің қазіргі дамуы (ауыл, қала, аудан) туралы материалдарды қолдану кезінде мектеп оқушыларының жас және жеке ерекшеліктерін ескерген дұрыс. Отандық әдебиеттерден, кинематографиядан, көсем сөздерден, поэзияны, балалардың жеке өмірлік ұстанымдары туралы шығармалардан мысалдарды қолдануға болады.

Мұндай іс-шараларды өткізу формасы әр түрлі болуы мүмкін (саяхат, жарыс, ойын, сурет, қолдан жасалған бұйым байқаулары, музыкалық шаралар, фотокөрмелер, дебат жарыстары, «Ертең бүгіннен басталады» тақырыбында танымал жерлестер, ғылым және өнер өкілдерімен пікірталас, кездесулер және т.б.).

«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы рухында қосымша білім беру педагогтерінің барлық атқаратын жұмыстары білімді, дамыған көшбасшы қабілеттеріне ие, таңдау кезінде өз еркімен шешім қабылдай алатын, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық әрекеттестікке қабілетті, өз халқының тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар адамды қалыптастыруға бағытталады.

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
по разъяснению Патриотического Акта «Мәңгілік Ел»
в помощь педагогам, реализующим программы дополнительного
образования детей

«Патриотический акт «Мәңгілік ел» - это документальная форма общенациональной идеи, это емкая, уникальная программа идентичности единства казахстанцев. Он должен передавать базовый формат наших духовных ценностей. В нем связаны воедино вопросы экономики, политики, морали, веры, нашего видения в глобальном мире". (из выступления Главы государства Н. Назарбаева)

Настоящие методические рекомендации разработаны в помощь педагогам дополнительного образования в целях разъяснения и пропаганды основных положений Патриотического акта «Мәңгілік ел».

Патриотический Акт «Мәңгілік Ел» является документом, определяющим основные направления и задачи государственной политики, как фундаментальной составляющей становления и укрепления государственной независимости, прогрессивного развития страны. Интеллектуальный капитал, человек труда, инновационное мышление становятся главными ценностями нового Казахстана. Они должны быть синхронизированы со стратегическим курсом Главы государства Н.А. Назарбаева, обозначенным в Послании народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее».

Выдвигая общенациональную идею «Мәңгілік Ел», как уникальную модель общенационального согласия, Президент нашей страны Н.А. Назарбаев определил основные направления по формированию нации единого будущего. Такой посыл Президента страны воспринят казахстанским обществом как система ценностей, формирующих казахстанскую идентичность и единство, общественное согласие. Как известно, 1 января 2016 года начался практический этап выполнения Плана нации «100 конкретных шагов по реализации 5 институциональных реформ», где в качестве 85-го шага Президент поставил задачу по разработке патриотического акта «Мәңгілік Ел».

26 апреля 2016 года на XXIV сессии Ассамблеи народа Казахстана под председательством Главы государства Н. Назарбаева принят Патриотический акт «Мәңгілік ел».

«Патриотический акт — это сборник важнейших ценностей, напрямую влияющих на сегодняшнюю жизнь и будущее. Патриотический акт — это наказ грядущим поколениям основоположников независимости. Мы должны работать во имя укоренения этих ценностей в сознании каждого казахстанца», это подчеркнул Н.А. Назарбаев на сессии Ассамблеи народа Казахстана 26 апреля.

Патриотический Акт «Мәңгілік Ел» призывает всех казахстанцев укреплять, хранить и передавать от поколения к поколению **Семь незыблемых основ Мәңгілік Ел**: Независимость и Астана; Общенациональное единство, мир и согласие; Светское Государство и Высокая Духовность; Экономический Рост на Основе Инноваций; Общество Всеобщего Труда; Общность Истории, Культуры и Языка; Национальная безопасность и глобальное участие Казахстана в решении общемировых и региональных проблем.

Желание жить в обществе, в котором царствует любовь, взаимопонимание, единство цели, интересов – все это было и остается наиглавнейшим фактором здорового общества с его здоровыми потребностями.

Поэтому одно из приоритетных направлений в Патриотическом акте «Мәңгілік ел» – это формирование высокой духовности с ее патриотизмом.

В основу организации патриотического воспитания заложен тезис из выступления Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «о необходимости воспитывать и обучать детей так, чтобы они осознавали себя с одной стороны – детьми своих родителей, внуками и правнуками своих предков, а с другой стороны – детьми своей страны».

Только через любовь к своей Родине, семье, природе можно вырастить настоящего гражданина, который будет гордиться своей Родиной, своей землей, на которой он родился.

В решении задач, обозначенных Главой государства, немаловажная роль принадлежит дополнительному образованию детей.

В связи с чем, главные стратегические подходы организаций дополнительного образования должны быть направлены на решение ключевых задач социализации и саморазвития подрастающих поколений, определенные в Патриотическом Акте «Мәңгілік Ел».

Что же необходимо предпринять для достижения данной цели?

Во-первых, важно переориентироваться на развитие многопрофильности системы дополнительного образования детей; развивать сетевое взаимодействие как внутри системы дополнительного образования, так и с участием партнеров из взаимодействующих систем – профессионального образования, организаций культуры, предприятий, близких по профилю реализуемым программам дополнительного образования, других социальных партнеров.

Во-вторых, особую роль приобретают новые формы и методы взаимодействия внешкольных организаций дополнительного образования с общеобразовательными школами. Речь идет о поиске рациональных форм партнерских отношений и совместном формировании индивидуальных траекторий социализации детей.

В-третьих, следует пересмотреть подходы в управлении организацией дополнительного образования детей в условиях формирования конкурентной среды и предоставления организациям самостоятельности. Акцент должен переноситься на работу по обеспечению качества услуг с позиции потребителей.

В-четвертых, необходимо периодически проводить мониторинг функционирования системы дополнительного образования в общеобразовательных школах и внешкольных организациях в целях определения ее эффективности.

Анализ особенностей дополнительного образования детей, его функций и ценностей позволяет сделать вывод о том, что эта сфера образования является наиболее благоприятной для укрепления нравственных ценностей, культурных традиций и обеспечения преемственности поколений, а также становления личности, способной нести ответственность за свою Родину.

В связи с этим особую важность и актуальность приобретает воспитание широко образованной гармоничной личности, формирование нового гражданина Казахстана. Очень важно помочь детям и молодежи сориентироваться, найти себя в мощном потоке современной информации, научить отделять хорошее от плохого, истинное от мнимого, вернуть интерес к настоящим культурным и общечеловеческим ценностям.

Как раз на это и направлена выдвинутая Лидером Нации общенациональная идея «Мәңгілік Ел».

В условиях ценностного образования организации, реализующие программы дополнительного образования, должны обеспечить вклад в реализацию общенациональных идей, консолидирующих народ Казахстана, прививая патриотические чувства и способствуя воспитанию их открытыми, доброжелательными гражданами своей страны.

В условиях дополнительного образования дети могут развивать свой творческий потенциал, навыки адаптации к современному обществу и получить возможность полноценной организации свободного времени.

Актуальность проблемы дополнительного образования детей является на сегодняшний день бесспорной, так как она непосредственно связана с новым пониманием сущности образования детей.

В Патриотическом Акте «Мәңгілік Ел» представлена общенациональная идея, в основе которой лежат все ключевые ценности, о которых мечтали наши отцы и предки. Воспитание казахстанского патриотизма является неотъемлемой частью сохранения духовности и культуры народа. Педагоги дополнительного образования должны играть не последнюю роль в реализации Патриотического Акта «Мәңгілік Ел».

Патриотический Акт «Мәңгілік Ел» – замечательная возможность продолжить системную работу по воспитанию чувства гордости и глубокого уважения к наследию народа (традициям, обычаям, культуре), сопричастности к общим целям страны, формированию у учащихся ценностного отношения к своей Родине.

Детские годы - благоприятный период для развития интеллекта, мотивации к образованию, формирования стремления быть полезным людям, своей малой родине, стране не только в школе, но и на протяжении всей жизни.

В связи с чем, при разъяснении значения и роли Патриотического Акта «Мәңгілік Ел» важно учитывать новую ценностную модель воспитания, т.к. в

образовании, как и в других сферах, требуется образец для подражания в воспитании и обучении таких детей и молодежи, которым предстоит создавать судьбу страны вместе со всем народом Казахстана.

В целях обеспечения прав личности на развитие и самореализацию, расширения возможностей для удовлетворения разнообразных интересов детей и молодежи, развития их мотивационного потенциала, конкурентоспособности личности, общества и государства осознается необходимость в принятии педагогами дополнительного образования новых подходов, включающих комплекс **организационно-педагогических, методических, научно-исследовательских мероприятий.**

Все более глобализированное общество, в котором происходят кардинальные перемены, а также возрастающая роль свободного времени в современном мире диктуют определенные потребности. Система дополнительного образования не может оставаться в стороне от социальных и политических изменений.

В таких условиях досуг детей и подростков наполняется особым смыслом.

Обладая открытостью, мобильностью и гибкостью, система дополнительного образования детей способна быстро и точно реагировать на «вызовы времени» в интересах ребенка, его семьи, общества, государства.

Осознание изменений понятия творчества детей и молодежи в мире новых технологий требует активного внедрения инновационных методик, использования современного оборудования, поиска новых форм преподавания, расширения роли ресурсных центров дополнительного образования как центров современных технологий.

В своей деятельности педагоги дополнительного образования должны использовать те ценностные ориентиры, которые помогают осмыслить духовный опыт поколений и обеспечивают движение человечества к прогрессу. Важно, чтобы наши дети воспитывались в духе общенациональной идеологии, культурных традиций. Идеологическая составляющая должна присутствовать во всех проводимых мероприятиях.

Организации дополнительного образования детей и молодежи имеют огромные возможности и богатый опыт работы по формированию у учащихся патриотических качеств личности, приобщению к культурно-историческим и социально-политическим традициям, развитию желания быть полезным людям, своей стране через организацию работы историко-патриотических клубов, кружков, центров, экспедиций, поисковой, исследовательской деятельности, взаимодействие с воинскими частями.

Педагогам дополнительного образования рекомендуется активно обращаться к методическому фонду республиканских выставок, использовать выставочный материал в профессиональной деятельности.

Существенным фактором гражданского становления подрастающего поколения является активная социализация и формирование у учащихся таких качеств, как социальная ответственность, равнодушие к судьбе

страны, к судьбе своей малой родины. Гражданственность и патриотизм, прежде всего, связываются с тем местом, где человек родился, где проходит его сознательная жизнь. Чем полнее и содержательнее получены знания о родном крае, его людях, его прошлом и настоящем, тем более эффективно будет решаться одна из главных задач – воспитание гражданина, который уважает и почитает традиции своего народа, гордится его материальной и духовной культурой.

Педагогам детских фольклорных коллективов рекомендуется продолжить работу по изучению особенностей и традиций казахстанского народа, сохранению и развитию региональной фольклорной традиции: песенной, танцевальной, народных промыслов и т. д. На занятиях особые акценты необходимо делать на разъяснении учащимся гуманистических ценностных ориентиров нашего народа: почитание женщины-матери, уважение к старшим, трудолюбие, стремление жить в гармонии с социумом и природой и др.

Педагогам объединений театрального творчества особое внимание следует уделить поиску драматургического материала высокого нравственного содержания, учитывая современные тенденции развития детского театрального творчества, развитию интерактивных видов театра.

Педагогам объединений изобразительного и декоративно-прикладного творчества необходимо продолжить работу по развитию культуры творчества, воспитанию чувства прекрасного.

Как показывает практика, мощным механизмом духовно-нравственного просвещения являются занятия изобразительным искусством, хореографией, музыкой. Структура ряда самостоятельных конкурсов и выставок могла бы быть объединена общей идеей представления "Через искусство - к миру и взаимопониманию" по следующим номинациям:

1) «Традиции и обряды» (участники конкурса представляют описание или демонстрируют обряды, а также рассказывают о традициях своего народа);

2) «Песни, стихотворения, игры и танцы» (участники конкурса исполняют произведения фольклора, демонстрируют танцы, а также народные игры);

3) «Костюм» (демонстрация костюма или его деталей. Может сопровождаться рассказом об истории, символике и способах изготовления данного изделия);

4) «Декоративно-прикладное творчество «Храм традиций» (в конкурсной программе данной номинации принимают участие авторы творческих работ и хранители семейных реликвий (*народная игрушка, вышивка, ткачество, лоскутное шитье, вязание, плетение, бисер, резьба по дереву, керамика и т.д.*). Выставка детских и семейных работ «Маленькие шедевры»);

5) «Блюда национальной кухни» (участникам конкурса необходимо: представить приготовленные блюда, рассказать о традициях, связанных с этими блюдами, красочно оформить рецепты представленных блюд);

6) «Творческий проект «Семейный альбом» (участники конкурса готовят рассказ о представителях своего рода. Рассказ может сопровождаться

демонстрацией фотографий, видеозаписей, писем, дневниковых записей, печатных изданий, творческих работ членов семьи и уникальных предметов, хранящихся в доме и имеющих интересную историю);

7) Видеопроект «Мы – Казахстанцы!» и др.

Учитывая популярность у детей и родителей данного направления, необходимо в полном объеме использовать воспитательный потенциал искусства, т.к. оно помогает ощутить искренность чувств, без чего невозможно развитие самосознания, расширение «объема души».

Большой духовно-нравственный потенциал заложен и в туризме. Именно он формирует такие черты характера, как целеустремленность и настойчивость, мужество и упорство, самостоятельность и инициатива, решительность и смелость, которые так ценят подростки. Приобщению детей к истории, культурному наследию своего народа, своей страны способствует организация экскурсионной деятельности. В рамках туристско-краеведческих экспедиций школьников желательно ежегодно проводить пешие, лыжные, водные, велосипедные походы, экспедиции и экскурсии по самым различным маршрутам.

Важно активизировать организацию экскурсий и экспедиций школьников по следующим темам: «От достопримечательностей родного края - к святыням Казахстана», «Ұлы Дала Елі», «Казахстан – моя золотая колыбель», "Твой первый в жизни перевал", «Золотой компас» и др., начиная от местных природных и исторических памятников до столицы нашей Родины – г. Астаны и других регионов страны.

Сегодня дополнительное образование детей — это поисковое образование, апробирующее иные, не традиционные пути выхода из различных жизненных обстоятельств, предоставляющее личности возможности выбора своего будущего, стимулирующее процессы личностного саморазвития.

В соответствии с «Планом нации – 100 конкретных шагов» в рамках проекта «Большая страна – большая семья» предлагается активизировать работу по реализации культурно-образовательного проекта «Поколение+», который направлен на развитие исследовательского и творческого потенциала учащихся школ посредством участия в реализации коллективных и индивидуальных тематических научно-исследовательских и творческих проектов в области отечественной истории, археологии, этнографии и культуры.

Широкую поддержку должно получить открытие кружков технического творчества, развитие таких направлений, как программирование, робототехника, информатика и информационные технологии, компьютерный дизайн, компьютерная графика, медиадизайн, проектно-исследовательская деятельность.

Для повышения эффективности и оперативности развития детско-юношеского движения предлагается сделать акцент на виртуальные ресурсы, то есть участие школьников в республиканских дистанционных конкурсах, посвященных 25-летию Независимости Казахстана «Я выбираю профессию...»,

«Народное рукоделие – наследие предков», «Отанымның айбыны», «Двадцать пять добрых дел – Родине!», «Мамандықтың бәрі жақсы», «Мой колледж – моя будущая профессия», «Урок дружбы», «Ұрпаққа ұран болған Ұлы ерлік», «Патриот и гражданин», «Сіздерге алғысымыз шексіз, ардагерлер!», "Познай Родину – воспитай себя" и др.

Новый учебный год для ребенка - это очень важное событие, поэтому первый день начала занятий в организации дополнительного образования рекомендуется посвятить разъяснению такого значимого события в год 25-летия Независимости нашей страны, как принятие Патриотического Акта «Мәңгілік ел». Для проведения такого мероприятия желательно пригласить известных молодых людей, добившихся высоких результатов в политике, науке, культуре, искусстве, спорте, бизнесе, родителей.

Занятие кружка или секции в организации дополнительного образования должно стать импульсом для воспитательной работы, направленной на формирование нравственных качеств личности воспитанников, основанных на государственных и общечеловеческих ценностях, уважительном и бережном отношении к культуре, историческим традициям казахского народа.

Целесообразно использовать при разъяснении роли Патриотического Акта «Мәңгілік ел» с учетом возрастных и индивидуальных особенностей школьников материалы по истории и современному развитию региона (аула, города, района). Возможно использование примеров из отечественной литературы, кинематографа, публицистики, использовать поэзию, собственные сочинения детей о своей жизненной позиции.

Формы проведения такого мероприятия могут быть разнообразны (путешествие, соревнование, игра, конкурсы рисунков, поделок, музыкальные мероприятия, фотовыставки, дебатные турниры, дискуссии «Завтра начинается сегодня», встречи с представителями науки и искусства, с выдающимися земляками и др.).

Вся проводимая педагогами дополнительного образования работа в духе общенациональной идеи «Мәңгілік ел» должна быть направлена на формирование человека образованного, обладающего развитыми лидерскими качествами, готового самостоятельно принимать решения в ситуации выбора, способного к сотрудничеству и межкультурному взаимодействию, обладающего чувством ответственности за судьбу своего народа.